

Шаймарданова Назигуль Жасулановна, кандидат политических наук, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Автор туралы мәлімет:

Шаймарданова Назигүл Жасұланқызы, саясаттану ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Information about author:

Nazigul Shaimardanova, Candidate of Political Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Юсупов Р.Қ. *Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан**E-mail: rahm_yus@mail.ru*

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЙҒЫР ӘДЕБИЕТІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің дамуындағы қоғамдық-саяси кезеңдер, оның кейбір тақырыптық және жанрлық ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасалады. Жұмыстың басты мақсаты – тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің өткені мен бүгінін көрсете отырып, оның қазірге дейін жеткен жетістіктерін талдау. Зерттеудің міндеттері – Қазақстан ұйғыр әдебиеті – ұйғырлардың тарихи отаны – Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы аумағында өзінің барлық канондарымен дамып келе жатқан көне және классикалық ұйғыр әдебиетінің мұрагері. Бүкіл Кеңес Одағында жүргізілген ұжымдастыру мен саяси қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында ұйғыр әдебиетінің дамуында өзіндік ізін қалдырды. Бүгінгі ұйғыр әдебиеті Қазақстанның көпұлтты әдебиетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мәселелерді көзде ұстай отырып зерттеу бұл мақаланың алға қойған міндеті есептелінеді. Зерттеу әдісі ретінде – ұйғыр әдебиетінің өткені мен бүгінін қатысты зерттеу еңбектерді салыстыра талдаулар әсәлді. Зерттеу нәтижесі ретінде – Ұйғыр әдебиетін дәуірге бөліп жіңтіктей қарастырған «Ұйғыр кеңес әдебиетінің тарихы» атты монографиялық еңбекке сүйене отырып, ұйғыр әдебиетінің өркендеген дәуірін, сан-салалы жетістіктерін мүмкіндігінше атап көрсетіледі. сондай-ақ, ұйғыр әдебиетінің жанрлық түр жағынан да кемелденіп толыса түскені сөз болды. Әрі оны толықтырған жаңа есімдер мен олардың еңбектері де айтылады.

Кілт сөздер: Тәуелсіз Қазақстан, Ұйғыр әдебиеті, өткені мен бүгіні, жетістіктері, Ұйғыр әдебиетінің тарихы жөніндегі зерттеу еңбектер.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің тарихы өткен ғасырдың басынан, әсіресе, 20-30 жылдардан, яғни Жетісу жерінде орнаған Кеңес үкіметі дәуірінен басталады. Өйткені, кеңес идеясы көпұлтты халықтар әдебиетінен өмірге жаңаша көзқараста болуды, біріншіден, социализмді мадақтауды, бұрынғы өткен әдебиетінен мүлдем өзгеше күйде дамуды талап етті. Солардың қатарында, ұйғыр әдебиеті уәкілдері де бұл талаптарды назарға ала отырып, шығармашылықпен айналысты. Жетісудағы ұйғыр әдебиеті даму барысында бірқатар кезеңнен өткендігі мәлім. Ұйғыр зерттеушілері тәуелсіз Қазақстан дәуіріне дейінгі болған әдебиетті: «20-жылдар әдебиеті», «30-жылдар әдебиеті», «Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі дәуірдегі ұйғыр әдебиеті», «50-жылдардағы әдебиет», «Заманауи ұйғыр әдебиеті (1960-1970 жылдар)» дегенге ұқсас бес дәуірге бөлген еді. Мұны «Ұйғыр кеңес әдебиетінің тарихы» деген ұжымдық монографиядан [1] айқын көруге болады. Бұл кеңес дәуіріндегі ұйғыр әдебиетінің тарихы жүйелі түрде зерттелген алғашқы ғылыми еңбек болатын. Ерекше айта кететін жәйт, ұйғыр әдебиетінің өркендеген дәуірі 80-жылдарға тура келеді, өйткені, бұл уақытта әдебиеттің барлық жанрлары мен тақырыптары, бағыттары мен тәсілдері жоғары жетістіктерге жетті, жазушылардың қаламы өткірленді, жаңа есімдер пайда болды және тәрбиеленді.

80-жылдардың екінші жартысында бүкіл Кеңес Одағы аясында болған «қайта құру» немесе «өзгертіп құру» реформасы нәтижесінде, қоғамда саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік өзгерістер жүзеге аса бастады. Соның нәтижесінде, мемлекет демократияға қарай

бағытталды. Бұл өз кезегінде, бүкіл кеңес әдебиетінде, сонымен қатар, ұйғыр әдебиетінде еркін шығармашылықпен айналысуға, өз ойын ашық айту мүмкіндігіне алып келді. Ұйғыр жазушылары тарихи тақырыптарға көбірек негізделуге, әлі сыры ашылмаған «ақтандақтарды» зерделеуге, қоғамдағы теріс құбылыстарды сенімді түрде сынауға бастады. Бірақ, кейінгі жылдарда ұйғыр әдебиетінің өнімділігінің төмендеуі байқалды. Бұл, біріншіден, жазушылар қатарының азаюымен байланысты болды. Ұйғыр әдеби үрдісінің негізіне айналып, бүкіл бір халықтың мақтанышы болып келген көркем сөз зергерлері Незмәт Абдуллин, Жамалидин Босақов, Хелил Нәмираев, Илия Бәхтия, Қурван Тохтәмов, Зия Сәмәди және басқа да көптеген әдіптердің дүниеден кетуі орны толмас қасірет болды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері, яғни 90 жылдардан бастап, ұйғыр әдебиетінде тәуелсіздік, азаттық, еркіндік идеялары одан сайын терең және кең түрде бейнеленуге, қазақстандық патриоттық рухындағы жаңа қалам иелері тәрбиеленуге бастады. Бұның барлығы бауырлас қазақ халқының қол жеткізген жетістіктері, тәуелсіздік салтанатымен, достық пен бірлік қасиеттерімен тығыз байланыста болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеуге ұйғыр әдебиетінің тарихын қарастырған зерттеу еңбектері негізге алынып, жалпытеориялық методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасау, дерек көздерін талдаумен қатар, ұйғыр әдебиетінің жаңа дәуірдегі елеулі табыстары талданады. Соған байланысты материалдар тарихи-салыстырмалы әдіспен зерделеу тәсілдері кеңінен қолданылады.

Талқылау

Ұйғыр әдебиетінің өткені мен бүгінін зерделей қарастыруда, «20-жылдар әдебиеті», «30-жылдар әдебиеті», «Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі дәуірдегі ұйғыр әдебиеті», «50-жылдардағы әдебиет», «Заманауи ұйғыр әдебиеті», «Ұйғыр кеңес әдебиетінің тарихы» қатарлы зерттеу еңбектері жолбасшылыққа алынды. Ұйғыр әдебиетінің дамуына үлес қосып келген сөз зергерлері Незмәт Абдуллин, Жамалидин Босақов, Хелил Нәмираев, Илия Бәхтия, Қурван Тохтәмов, Зия Сәмәди қатарлылардың аттары аталып, әдебиеттегі орны көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы саяси құрылымның өзгеруіне байланысты, жетпіс жылдан артық уақыт ішінде, ұйғыр әдебиеті тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі ұйғыр ғалымдарының күн тәртібіне қойылмады, яғни бұл маңызды мәселеге айналмады. Әдебиет тарихын кезеңдерге бөлу тек қана ұйғыр мектептеріне арналған «Ұйғыр әдебиеті» оқулықтарында белгілі дәрежеде өз орнын тапты, бірақ, оларда бұрынғы ұсыныстардан өзге қатты өзгерістер болмады. Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, 1991 жылдан кейінгі кезең «Тәуелсіз Қазақстан әдебиеті» деп аталды. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда, бір ғасырға жақын тарихы бар ұйғыр әдебиетін «XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұйғыр әдебиеті», «XX ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр әдебиеті», «Тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі ұйғыр әдебиеті» деген үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. 20-жылдардан 50-жылдардың аяғына дейінгі аралықтағы ұйғыр әдебиеті тарихи және саяси өзгерістерге байланысты бір бүтін дәуірді ішіне жинайды. 60-жылдардан кейін, ұйғыр әдебиетінде күрт бұрылыс орын алған еді. Әсіресе, 50-жылдардың ортасында, сонан соң, 60-жылдардың басында ұйғырлардың тарихи отанынан Орта Азия республикаларына көптеген ақын мен жазушылардың көшіп шығуы – осы жердегі әдеби мұхиттің жандануына, жаңа атақты есімдер мен салмақты шығармалардың пайда болуына алып келді. Қысқасы, бұл дәуірде Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті тақырып, жанр, тіл-стиль, көркемдік тағы басқа да ерекшеліктері жағынан тез дами бастады. Ұйғыр әдебиеті басқа да халықтар әдебиетімен тығыз байланыста өсті, шынықты.

Қазақстан ұйғыр әдебиетінің қалыптасуы негізінен 20-жылдардан басталады. Одан бұрын, яғни Қазан үкіметі кезеңіне дейінгі дәуірде, кейбір шығармалар ортаға шыққан болса да, олар бір бүтін әдеби үрдісті құра алмайды. Алайда, сол кезде өмір сүрген Нәзәрғожа Абдусемәтов, Абдулһәй Мухәммәдий, Абдулһемит Ғоҗамбәрдий, Ғебиб Закирий, Өмәр Мухәммәдий, Нур Исрайилов, А. Мушрапилов, М. Адилев, Ғезим Искәндәров, Турди Ғәсән, Мәмүн Ғәмраев тәрізді ақындар мен жазушылардың шығармашылығы ұйғыр әдебиетінің кейінгі кезеңдерде өсуіне, баюына негіз жасады. Бұл кезде ұйғыр баспасөзінің өсуі де жазушылардың өз шығармаларын жариялау және әдеби процестің дамуына әсерін тигізді. Ерекше айта кететін жәйт, ұйғыр әдебиетінің алғашқы жылдарында, әсіресе, поэзия саласы тез дами бастады. Заман талабына, сол кездегі өзгерістерге тез жауап беру үстемдігіне ие әдебиеттің бұл түрінде көптеген ақындар шығармашылықпен айналысты. Жарыққа шыққан шығармалардың бәрінде дерлік жаңа жүйені мадақтау ахуалы орын алды. Яғни азаматтық, саяси лирика ортаға шығып, дамыды. Бұл дәуір ұйғыр поэзиясында оның барлық түрлері, тіпті, дастан жанры да ұйғыр ақындарының назарында болды. Бірақ, бұл жерде ұйғыр ақындары ұлттық идеядан түбегейлі шегінді деген қорытынды келіп шықпайды. Әсіресе, Нәзәрғожа Абдусемәтов, Абдулһәй Мухәммәдий секілді осы кезеңнің көрнекті өкілдерінің шығармаларында тәуілсіздік, азаттық идеялары белгілі дәрежеде өз көрінісін тапты. «Ұйғыр баласы» атты лақабымен танылған ақын, жазушы және тарихшы – Н. Абдусемәтов шығармашылығында, ұйғырлардың тарихи отаны Шығыс Түркістан және онда жүргізілген азаттық күрес пафосы басым орын алған. Ол бұл тақырыпты кеңес ұйғыр әдебиетіне алғашқы рет алып кірген жазушылардың бірі. Ақынның «Хан-тәңри», «Сал», «Оян», «Ұйғырым», «Назугум» шығармалары бұның жарқын дәлелі. Соған ұқсас, Абдулһәй Мухәммәдийдің «Ашылмайды көңілім», «Жас жүрегім» атты өлеңдерінде азаттық, тәуелсіздік идеялары шоғырланған. Бұл тақырып Т. Ғәсәннің көптеген өлеңдерінде, сондай-ақ, Н. Исрайиловтың «...Сыртында», Ғ. Искәндәровтің «Ұйғыр қызы», «Хантәңри» поэмаларында да жалғасын тапты. Өз дәуірінде бұл шығармалар кеңес үкіметі тарапынан ұлтшылдық деп танылып, олардың авторлары кейінірек сол жүйенің құрбандарына айналды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұйғыр әдебиетінің дамуында алғашқы өрлеу құбылысы байқалған болса, кейінгі жылдарда шегініс немесе бір жерде тұрып қалу күйін кешті. Бұған сол дәуірдің саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлары себеп болды. Бүкіл Кеңес Одағы аясында болған ұжымдастыру саясаты, ашаршылық, 30-жылдардағы саяси қуғын-сүргін, 40-жылдардағы Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру әрекеттері және басқалары халық мәдениетінің, әдебиетінің дамуына теріс әсерін тигізген еді. Нәтижесінде, ұйғыр әдебиетінің дамуы 40-жылдарға келгенде тоқтап қалды. Соғыс жылдардағы ұйғыр әдебиетіне негізінен тек екі ғана ақын, Исмайил Саттаров және Қадир Ғасанов уәкілдік ете алды. Ұйғыр әдебиетінің құрылу жылдарының сондай қиыншылықтарын бастан өткізгеніне қарамай, ақын-жазушылар заманға сай туындыларды жазып шығаруға тырысты. Әрине, бұл кезең әдебиетінде проза және драматургия салалары да дамып, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді. Ұйғыр әдебиетінде проза жанрының қалыптасу жолындағы алғашқы қадамдар Ө. Мухәммәдий, Н. Исрайилов, Т. Ғәсән, М. Ғәмраев тәрізді ұйғыр әдебиетінің көрнекті уәкілдеріне тиесілі. Жазушылар бұл кезде шағын көлемдегі шығармалардан – повесть және роман секілді көлемді, эпикалық жанрларды таңдай бастады. Н. Исрайиловтың «Күндер», «Қызыл ту ордені», Турди Ғәсәндің «Зұлым ошағы» повестері, М. Ғәмраевтың «Толқындар арасында» романы және басқа да туындыларда Жетісу ұйғырларының өмірінде болған әлеуметтік, мәдени өзгерістер, олардың тұрмыс-тіршілігі, өзара байланыстары, әдептілік мәселелері суреттелді. «Толқындар арасында» туындысы кеңес ұйғыр әдебиетіндегі тұңғыш роман болып, оның авторының, сондай-ақ, «Алаңнан дауыс» атты тағы бір роман жазғандығы туралы мәліметтер бар екендігі белгілі. Бірақ, осы романдан біршама үзінділері сол уақыттағы баспаларда

шығарылса да, ол туынды кейбір себептерге байланысты жеке кітап ретінде жарық көрген жоқ. Бұл мезгілдегі жазушылар, сонымен қатар, Шығыс Түркістан тақырыбынан тыс қалмай, екі мемлекетте өмір сүрген ұйғырлардың тұрмысын, басынан өткізген қайғы-қасіреттерін кейде салыстыру тұрғысынан көрсетуді мақсат етті. Н. Исрайилов, Н. Закирийдің жоғарыда аталған «Күндер», «Зұлым ошағы» туындылары соның бір айқын дәлелі. Бұл кезең әдебиетінде драматургия саласы да өзіне тән ерекшеліктерімен дами бастаған еді. А. Розibaкиевтың «Мансапқор», З. Бәширийдің «Садыр ханруқ», Б. Қасимовтың «Қырсық күндер», Ж. Асимов пен А. Садировтың «Анархан», И. Саттаров пен В. Дьяковтің «Ғерип-Сәнәм», Қ. Ісановтың «Тұман» атты сахна туындыларының жарық көруі, 1934 жылы Ұйғыр театрының ашылуы – ұлттық драматургияның қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарды. Бұл кезеңдегі поэзия, проза және драматургия салаларында да ұйғыр ақын-жазушылары халық ауыз әдебиеті мен классикалық жазба әдебиетінің бай үлгілерін, дәстүрлерін пайдалана отырып, ұйғыр әдебиетін түр және тақырып жағынан көп байытты, және де кейінгі кезең жазушылары үшін үлкен үлгі-өнеге бола алды.

XX ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр әдебиеті жаңа даму кезеңіне көтеріліп, оның жанрлық және тақырыптық жағынан кеңейіп, басқа халықтар әдебиеттерімен байланыстары нығыздалды, жазушылардың өз шығармаларын шығаруға мүмкіншіліктер туды. Ұйғыр халқының мәдени өмірінде жүзеге асқан жаңалықтар, соның ішінде, «Коммунизм туғи» және оның қосымшасы «Йени һаят» газеттерінің басылып шығуы, Қазақстан Жазушылар одағы жанында ұйғыр әдебиеті кеңесінің және оның құрамындағы «Жазушы» баспасында ұйғыр бөлімінің, және де республиканың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі – Абай атындағы Қазақ педагогика институтында ұйғыр бөлімінің, радио және теледидарда ұйғыр тіліндегі бағдарламалардың ашылуы да соның бір айқын дәлелі. Бұл дәуір әдебиетіне сай ерекшеліктердің бірі – ұйғыр ақын-жазушыларының дастан және роман тәрізді эпикалық жанрларға жүгінуді және осы бағытта ұйғыр халқының өміріндегі маңызды кезеңдерді, өзгерістерді суреттеуді болып табылады. Бұл тарихи мазмұндағы шығармалардың жазылуы және оларды оқырмандардың қызығушылықпен қарсы алуы да, жазушылардың өткен күндерге, халқының өз еркіндігіне алып барған ұлт-азаттық күресіне сүйенуінен көрінді. Ұйғыр және де қазақ зерттеушілері тарапынан ең нәтижелі кезең деп есептелген дәуір 70-90-жылдар аралығындағы ұйғыр әдебиетіне Зия Сәмәди, Һезмәт Абдуллин, Жамалидин Босақов, Илия Бәхтия, Мәсимжан Зулпикаров, Қурван Тохтәмов, Патигүл Сабитова, Йүсүпбәк Мухлисов, Йүсүп Илияс, Хелил Һәмраев, Махмут Абдурахманов, Савут Искәндәров, Шайим Шаваев, Савутжан Мәмәтқулов, Мирзахмәт Меримов, Муңлуқ Бақиев, Малик Садиров, Әкрәм Садиров, Долқун Ясенов, Мәмтимин Розibaев, Абдумежит Дөләтов, Илахун Жәлилов, Илахун Һошуров, Хуршидәм Илахунова, Абдуғопур Қутлуқов, Аблиз Һезимов, Рәһимжан Розиев және басқалар уәкілдік етті. Бұл кезең әдебиетінің ең басында тұрған Қазақстан халық жазушысы З. Сәмәдидің «Майимхан», «Жылдар сыры» шығармалары Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінде романның эпикалық жанр ретінде қалыптасып, өзіне сай барлық ерекшеліктерімен дами бастағанын көрсетті. Расында да, З. Сәмәди, Ж. Босақов, Н. Абдуллин, М. Зулпикаров, Т. Тохтәмов секілді романшылар тарихи және заманауи тақырыптарға сүйене отырып, романның ұйғыр әдебиетіндегі жетекші жанрлардың бірі болғанын дәлелдеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдарда, ұйғыр жазушыларының тарихи отаны – қазіргі Шынжаң-Ұйғыр автономды ауданындағы бауырластарымен болған байланыстары одан сайын кеңі түсті. Өткен ғасырдың 50-жылдарынан кейін, Кеңес Одағы және Қытай арасындағы саяси қайшылықтарға байланысты, екі елдің мәдени қатынастары 80-жылдардың аяғына дейін үзіліп қалды. Көптеген ұйғыр, қазақ және басқа да ұлт зиялылары Қытай үкіметінің қуғындық әрекеттері нәтижесінде, Қазақстан және Орта Азия мемлекеттеріне көшіп кетуіне мәжбүр болды. Тәуелсіздік жылдары ШҰАР және Қазақстандағы ұйғыр жазушылары арасында тығыз байланыстың орнауы, Абдурәхим Өткүр,

Турди Самсақ, Зордун Сабир, Боғда Абдулла, Тейипжан Елиев, Турғун Алмас тәрізді атақты ақын-жазушылар шығармаларының Орта Азияға енуі, қайта баспадан жарық көруі – бұл жердегі ұйғыр әдебиетінің дамуына өзінің оң ықпалын тигізді. Өз кезегінде, Қазақстандағы ұйғыр жазушыларының шығармалары да Үрүмші, Құлжа, Қашқар, Ақсу, Хотан, Жаркент сияқты көптеген қалаларда баспадан шыққан газет-журналдарда, кейбір топтамаларда жарық көріп, өзара байланыстарды одан сайын жақсартты. Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті сонымен қатар, Қырғызстанның Жамалдин Қасимов, Хэйринса Турдиева, Өзбекстанның Рәһиләм Напизова, Һенипәм Салихова, Имин Һосман, Йәһия Тайиروف, Ташполат Намәтов, Султан Жамал секілді көрнекті ақын-жазушыларымен тығыз байланыста болып, өзара тәжірибе алмасты. Осы жұмыстардың нәтижесінде, Қазақстан ұйғыр әдебиеті Орта Азиядағы жетекші ұлттық әдебиетке айналды. Әрине, Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті бауырлас қазақ халқының әдебиетімен де жақын байланыста, тарихи-саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді бастан бірлесе өткізген күйде дамыды. Әсіресе, қазақ халқымен өмірдің ыстық-суығын бірге тартып, әрқандай саяси қуғындарға, экономикалық дағдарыстарға, рухани күйзелістерге төтеп беріп келген ұйғыр жазушылары қазақ халқы тәуелсіздікке жеткеннен кейін, оның қуанышына ортақ болды, қиыншылықтардан бірге өтті. Ұйғыр әдебиеті қазақ-ұйғыр әдеби достығы негізінде дамыды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұйғыр әдебиеті бүгінгі күнде поэзия, проза, драматургия және балалар әдебиеті салалары бойынша дамып келе жатса да, поэзия жетекші сала, яғни «көп ұлтты Қазақстанның рухани және көркем дәулеті» [2, с. 3]. Әхмәтжан Һаширов, Илахун Жәлилов, Илахун Һошуров, Хуршидәм Илахунова, Аблиз Һезимов, Абдуғоппур Қутлуқов тәрізді үлкен ақын-жазушылардың жетекшілігімен ұйғыр әдебиеті экономикалық дағдарыстардан пайда болған қиыншылықтарды басып өткен күйде дамуда. Ұйғыр ақын-жазушылары өз халқының өткен тарихын бейнелеуді негізгі міндеттерінің бірі етіп белгілеп, сонымен бірге, жас Қазақстан мемлекетінің жеткен жетістіктерін, ондағы достық, келісім, бірлік идеяларын одан әрі кеңінен үгіттеу, замандастарының бүгінгі көрінісін, армандарын, ішкі сырларын, олардағы адами қасиеттерді және кейбір кемшіліктерді шынайы көрсету тарапынан біршама жетістіктерге қол жеткізді. Әрине, ұйғыр әдебиеті ұзақ жылдар бойы басқа ұлт әдебиеттерімен тығыз байланыста дамып келді және бүгінгі күнде де бұған ерекше көңіл аударылуда. Бұл жерде сол әдебиеттерді жақындатуда, сол арқылы, халықтар достығын орнатуда маңызды рөл атқарып келе жатқан аудармашылық шығармашылығын ерекше айта кету керек. Өйткені, әдеби байланыстарсыз, өзара тәжірибе алмасусыз ұйғыр әдебиетінің келешегі туралы сөз айтудың мүмкін еместігін жазушылар жақсы түсінеді. Олар, сонымен бірге, бүгінгі жаһандану дәуірінде Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті алдында шешілуі тиіс мәселелердің жоқ еместігіне, оларды тек бірлесіп ғана шешуге болатындығына көз жеткізді.

Қорытынды

Қазақстандағы ұйғыр әдебиетіндегі әдеби жанрлар, ол басып өткен жолдар, әдебиет алаңына шыққан ақын-жазушылар, дамыған әр түрлі бағыттар, жанрлар, тақырыптар, образдар, тіл ерекшеліктері және басқалар, әрине, өз кезегінде, жан-жақты зерттеу жұмыстарының жүргізілуін талап еткен еді. Бұл үлкен бір ғылыми сала болып, сол мәселелерді үйрену, сонымен бірге, білімді, тәжірибелі зерттеулерге байланысты болды. Жалпы, Қазақстандағы ұйғыр әдебиеттану пәнінің негізі салынып, дамуы шығыстану пәнінің ажырамас бөлігі ұйғыртану ғылымының тарихымен тығыз байланысты. Әрине, ұйғыртану пәнінің дамуына мемлекеттегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің де әсері болды, өйткені, кеңес дәуіріндегі әдебиетті сол жүйенің идеологиясынан тыс, заң-қағидаларынан тыс көз алдына елестету мүмкін емес еді. Қазақстандағы ұйғыр әдебиеттануындағы зерттеу жұмыстары халық ауыз әдебиеті, ежелгі және классикалық әдебиет, кеңес дәуіріндегі және заманауи әдебиет бағыттарында жүргізілді. Бұл зерттеулер нәтижелері «Ұйғыр әдебиеті және

фольклорындағы жанрлар» [3], «Ұйғыр халық ауыз әдебиеті» [4], «Ұйғыр әдебиетінің қысқаша тарихы» [5] атты ұжымдық монографияларда, сондай-ақ, арнайы әдебиет мәселелеріне арналған бірқатар ұжымдық монографияларда [6-8] және басқа да еңбектерде өз көрінісін тапты.

Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда, үш үлкен кезенді басып өткен болып, бұл кезендер тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктері жағынан бір-бірінен айрықшаланды. Соған қарамастан, ұйғыр әдебиеті жүз жылға жуық уақыт бойы үстемдік еткен коммунистік идеология, қоғам және қоғамдағы бұрылыстарға, өзгерістерге қарамай, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, халықтың армандарын жүзеге асыруға және ұзақ жылдардан бойы келе жатқан әдеби әдет-ғұрыптарды жалғастыруға тырысты. Ол, сондай-ақ, басқа халықтар, бірінші кезекте, бауырлас қазақ халқының әдебиеті және оның жарқын өкілдерінің ұлы мұрасымен көпғасырлық байланыстарын сақтап қалу, заманға сай әдеби достықтың жаңа жолдарын табу мақсатында тыным таппай ізденуде.

Әдебиет:

1. Уйғур совет әдәбиятының тарихи. – Алматы, 1986. 4-12 бб.
2. Хамраев А. Уйгурская поэзия независимого Казахстана. – Алматы, 2014.
3. Уйғур әдәбияти вә фольклоридики жанрлар. – Алматы, 1980.
4. Уйғур хәлиқ еғиз ижадийити. – Алматы, 1983.
5. Уйғур әдәбиятының қисқичә тарихи. – Алматы, 1983.
6. Современная литература народа Казахстана. – Алматы, 2014.
7. Уйгурская литература независимого Казахстана. – Алматы, 2015.
8. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы, 2014.
9. Liu, Pengyuan. Chinese lexical semantics : 14th Workshop, CLSW 2013, Zhengzhou, China, May 10-12, 2013, Revised selected papers. Heidelberg. p. 448.
10. «Do you know that I am with you?»: Uighur poetry preserves culture under attack». theguardian.com. Retrieved 17 April 2021 // <https://www.theguardian.com/world/2020/dec/06/do-you-know-that-i-am-with-you-uighur-poetry-captures-fading-memories-of-home> (дата обращения 15.11.2022).
11. Shepherd, Christian. «Fear and oppression in Xinjiang: China's war on Uighur culture». ft.com. Retrieved 17 April 2021 // <https://sayari.com/global-trade>. (дата обращения 15.11.2022).
12. Kuo, Lily. «Poetry, the soul of Uighur culture, on verge of extinction in Xinjiang» // <https://www.theguardian.com>. Retrieved 17 April 2021. (дата обращения 15.11.2022).

References:

1. Ujgur sovet әдәбиятының тарихи [History of Uyghur Soviet Literature]. – Алматы, 1986. 4-12 бб. [in Uygur].
2. Hamraev A. Ujgurskaya poeziya nezavisimogo Kazahstana [Uyghur poetry of independent Kazakhstan]. – Алматы, 2014. [in Russian].
3. Ujgur adabiyati va fol'kloridiki zhanrlar [Genres of Uyghur adabiyati and fol'kloridiki]. – Алматы, 1980. [in Uygur].
4. Ujgur hәliq egiz izhadijiti [The Uyghur people are self-created]. – Алматы, 1983. [in Uygur].
5. Ujgur adabiyatinin kiskasha tarihi [A brief history of Uyghur literature]. – Алматы, 1983. [in Uygur].
6. Sovremennaya literatura naroda Kazahstana [Contemporary literature of the people of Kazakhstan]. – Алматы, 2014. [in Russian].
7. Ujgurskaya literatura nezavisimogo Kazahstana [Uyghur literature of independent Kazakhstan]. – Алматы, 2015. [in Russian].

8. Kazirgi әdebiettegi zhalpyadamdyk kundylyktar [Universal human values in modern literature]. – Almaty, 2014. [in Kazakh].

9. Liu, Pengyuan. Chinese lexical semantics : 14th Workshop, CLSW 2013, Zhengzhou, China, May 10-12, 2013, Revised selected papers. Heidelberg. p. 448.

10. «Do you know that I am with you?»: Uighur poetry preserves culture under attack». theguardian.com. Retrieved 17 April 2021 // <https://www.theguardian.com/world/2020/dec/06/do-you-know-that-i-am-with-you-uighur-poetry-captures-fading-memories-of-home> (data obrashcheniya 15.11.2022).

11. Shepherd, Christian. «Fear and oppression in Xinjiang: China's war on Uighur culture». ft.com. Retrieved 17 April 2021 // <https://sayari.com/global-trade>. (data obrashcheniya 15.11.2022).

12. Kuo, Lily. «Poetry, the soul of Uighur culture, on verge of extinction in Xinjiang» // <https://www.theguardian.com>. Retrieved 17 April 2021. (data obrashcheniya 15.11.2022).

Юсупов Р.К

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: rahm_yus@mail.ru

УЙГУРСКАЯ ЛИТЕРАТУРА В НЕЗАВИСИМОМ КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

Аннотация. В статье дан краткий обзор общественно-политических периодов развития уйгурской литературы в Казахстане, некоторых ее тематических и жанровых особенностей. Основная цель работы – проанализировать достижения уйгурской литературы независимого Казахстана, показав прошлое и настоящее. Задачи исследования – Уйгурская литература Казахстана – историческая родина уйгуров - преемница древней и классической уйгурской литературы, развивающейся со всеми своими канонами на территории Синьцзян-Уйгурского автономного района Китайской Народной Республики. Коллективизация и политические преследования на всей территории Советского Союза, Великая Отечественная война и послевоенное восстановление экономики оставили свой след в развитии уйгурской литературы. Сегодняшняя уйгурская литература является составной частью многонациональной литературы Казахстана. Учитывая эти вопросы, рассматривается задача данной статьи. В качестве метода исследования использовано сравнение исследовательских работ, связанных с прошлым и настоящим уйгурской литературы. В результате исследования на основе монографии «История советской уйгурской литературы», разделяющей уйгурскую литературу на эпохи, максимально освещена эпоха расцвета уйгурской литературы и многочисленные достижения. Также было сказано, что уйгурская литература повзрослела в жанровом отношении. А также упоминаются новые имена и их произведения.

Ключевые слова: Независимый Казахстан, уйгурская литература, прошлое и настоящее, достижения, научные работы по истории уйгурской литературы.

Yusupov R.K.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: rahm_yus@mail.ru

UYGUR LITERATURE IN INDEPENDENT KAZAKHSTAN: PAST AND PRESENT

Abstract. The article provides a brief overview of the socio-political periods of the development of Uyghur literature in Kazakhstan, some of its thematic and genre features. The main goal of the work is to analyze the achievements of Uyghur literature in independent Kazakhstan, showing the past and present. Objectives of the study: Uyghur literature of Kazakhstan is the